

**"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 8 қазандағы № 644 бұйрығы.

"Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабы 1-тармағының б) тармақшасына, 44-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына және "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 596 қаулысына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған:

1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

1-1) осы бұйрыққа 1-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақмола облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

3) осы бұйрыққа 3-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ақтөбе облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

4) осы бұйрыққа 4-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Алматы қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

5) осы бұйрыққа 5-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Алматы облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

15) осы бұйрыққа 15-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Павлодар облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті " республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

16) осы бұйрыққа 16-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Солтүстік Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

17) осы бұйрыққа 17-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Түркістан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

17-1) осы бұйрыққа 17-1-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Ұлытау облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

18) осы бұйрыққа 18-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шығыс Қазақстан облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі;

19) осы бұйрыққа 19-қосымшаға сәйкес "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесінің ережесі бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.07.2022 № 594 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 26.10.2022 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесінің және оның аумақтық бөлімшелерінің ережелерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2019 жылғы 8 мамырдағы № 207 бұйрығының ("Егемен Қазақстан" газетінде 2019 жылғы 4 қазанда № 192 (29671), 2019 жылғы 7 қазанда № 193 (29672) жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасын Денсаулық сақтау министрлігінің Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы бұйрық қабылданған күннен кейін күнтізбелік он күн ішінде:

1) оның қазақ және орыс тілдеріндегі электрондық түрдегі көшірмелерін ресми жариялау және Қазақстан Республикасы Нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министріне жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі*

А. Цой

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 8 қазандағы
№ 644 бұйрығына
1-қосымша

**"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің ережесі**

**Ескерту. 1-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Денсаулық сақтау министрінің
20.07.2022 № 594 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Комитет) құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімін бақылау мен қадағалауды, техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың және биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды және қадағалауды, сондай-ақ биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды

реттеуді және іске асыруды (бұдан әрі – реттелетін сала) жүзеге асыратын Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігінің (бұдан әрі – Министрлік) ведомствосы болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы жазылған мөрлері мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Комитеттің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Комитет өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Комитет басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – Қазақстан Республикасы, 010000, Астана қаласы, Есіл ауданы, Мәңгілік ел даңғылы, 10-үй, "Kazyna Towers" әкімшілік ғимараты.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2025 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Комитеттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Комитетке өзінің өкілеттіктері болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Комитеттің міндеттері, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттері:

1) реттелетін салада іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) реттелетін салада мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) өз құзыреті шегінде Комитетке жүктелген өзге де міндеттерді жүзеге асыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) реттелетін саладағы мәселелер бойынша мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан, жеке және заңды тұлғалардан Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен ақпарат сұрату және алу;

2) жеке және заңды тұлғалар Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған жағдайда сотқа жүгіну;

3) аумақтық бөлімшелерге және ведомстволық бағынысты ұйымдарға реттелетін саладағы мәселелер бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүргізу;

5) өз құзыретінің шегінде консультациялық-кеңесші және сараптама комиссияларын (жұмыс топтарын) құру;

6) Комитетке ведомстволық бағынысты бюджеттен қаржыландырылатын ұйымдар үшін қызметтің басым бағыттарын айқындау;

7) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

9) реттелетін сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқа ұйымдардан мамандарды тексеру және сараптама жүргізуге тарту;

11) реттелетін сала мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын, мемлекеттік органдар қабылдаған актілердің күшін жою, өзгерту туралы ұсыныстар енгізу;

12) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

13) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) реттелетін салада мемлекеттік саясатты іске асыру;

2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;

- 3) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;
- 4) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 5) халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын радиациялық бақылауды жүзеге асыру;
- 6) құзыретінің шегінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
 - 6-1) мемлекеттік тіркеуге жататын, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалаудың бақылауындағы өнімнің (тауарлардың) жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
 - 6-2) органикалық өнімді өткізу сатысында Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндірісі және айналымы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
 - 6-3) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;
- 7) құзыретінің шегінде биологиялық қауіпсіздік саласында есепке алу және мониторингтеу және (немесе) оны ұйымдастыру;
- 8) құзыретінің шегінде биологиялық қауіпсіздік саласында профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және (немесе) жүргізу;
- 9) өз құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы құқықтық актілерді және есепке алу және есептілік құжаттамасының нысандарын әзірлеу және бекіту;
 - 9-1) ерекше бақылау және қадағалау субъектілерінің (объектілерінің) жартыжылдық тізімінің, ерекше бақылау мен қадағалау субъектілерін (объектілерін) тексеруді тағайындау, олардың мерзімдерін ұзарту, тексеру нәтижелері туралы актілердің, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің мониторинг жүргізу туралы шешімінің, мониторинг нәтижелері туралы актінің, анықталған бұзушылықтарды жою туралы нұсқаманың нысандарын әзірлеу;
- 10) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы бірлескен халықаралық жобаларды іске асыру;
- 11) құзыретінің шегінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру;
- 12) мыналарды:
 - Еуразиялық экономикалық одақтың нормативтік құқықтық актілерінде айқындалатын өнімді мемлекеттік тіркеу тәртібін;

инфекциялық, паразиттік аурулар және (немесе) улану жағдайларын, иммундаудан кейінгі қолайсыз көріністерді тіркеу, есепке алу мен есептілігін жүргізу тәртібін;

Қазақстан Республикасында қолдануға тыйым салынған ықтимал қауіпті химиялық, биологиялық заттардың тізілімін жүргізу тәртібін;

мемлекеттік қызметтер көрсету тәртібін;

санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу тәртібін;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беру және олардың тізілімін жүргізу тәртібін;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында бақылау мақсатында сатып алуды жүзеге асыру тәртібін;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тергеп-тексерулерді жүргізу тәртібін регламенттейтін заңға тәуелді нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу;

санитариялық-эпидемиологиялық сараптама жүргізу үшін өнімнің (тауардың) сынамаларын (үлгілерін) іріктеу тәртібін әзірлеу;

13) мыналарды:

денсаулық сақтау субъектілерінің кәсіптік аурулардың және (немесе) уланудың, оның ішінде жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін не жұмыс берушінің мүддесі үшін өз бастамасы бойынша өзге де әрекеттерді орындауына байланысты жұмыскерге зиянды өндірістік факторлардың әсер етуіне байланысты кәсіптік ауруларға және (немесе) улануға күдіктену жағдайларын олардың анықталған жері бойынша тіркеу;

кәсіптік аурудың еңбек (қызметтік) міндеттерін орындаумен байланысын анықтау сараптамасы;

медициналық қалдықтар бойынша ақпарат беру;

мемлекеттік тіркеуге жататын, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалаудың бақылауындағы өнімнің (тауарлардың) жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;

міндетті фортификациялауға жататын тамақ өнімін байыту (фортификациялау) және оның нарықтағы айналысы;

санитариялық-эпидемиологиялық аудит жүргізу;

санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүргізу кезінде мемлекеттік органдардың өзара іс-қимыл жасауы;

санитариялық-эпидемиологиялық нормалаудың мемлекеттік жүйесінің құжаттарын әзірлеу және бекіту;

техникалық регламенттердің талаптарына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына

сәйкес келмейтін өнімді (тауарды) алып қоюды және кері қайтарып алуды жүзеге асыру ;

халықтың декреттелген тобының адамдарын гигиеналық оқыту;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органға инфекциялық аурулар, уланулар жағдайлары туралы ақпарат (шұғыл хабархат) беру;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сәйкес келмейтін өнімдердің тізілімін жүргізу;

шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді жүзеге асыру қағидаларын, инфекциялық аурулардың тізбесін;

ықтимал қауіпті химиялық және биологиялық заттарды пайдаланатын зертханаларға қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды әзірлеу қағидаларын әзірлеу;

жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін не жұмыс берушінің мүддесі үшін өз бастамасы бойынша өзге де әрекеттерді орындауына байланысты, оның ішінде жұмыс берушімен, кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерімен еңбек қатынастары тоқтатылғаннан кейін жұмыскерге зиянды өндірістік факторлардың әсер етуіне байланысты кәсіптік аурулардың және (немесе) уланудың, оның ішінде кәсіптік ауруларға және (немесе) улануға күдіктенудің барлық оқиғаларын олардың анықталған жері бойынша тіркеу;

кәсіптік патология және сараптама саласында мамандандырылған медициналық көмек көрсететін денсаулық сақтау субъектілерінің кәсіптік аурулар және (немесе) уланулар жағдайларын есепке алуы, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық қызметтің мемлекеттік органдары мен ұйымдарының мемлекеттік есепке алуы және есептілік жүргізуі;

темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды өндірушілерінің, импорттаушыларының темекінің және темекі бұйымдарының, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдардың барлық маркаларында никотиннің шекті жол берілетін құрамы бойынша зертханалық зерттеулердің нәтижелері туралы есептерді ұсынуы;

халықтың инфекциялық, паразиттік және кәсіптік аурулары, уланулары кезінде денсаулық сақтау ұйымдарының мамандарын санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды жүзеге асыруға тарту туралы қағидаларды әзірлеу;

13-1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы эпидемиялық мәні бар субъектілердің (объектілердің) тізілімін қалыптастыру қағидалары мен оның нысанын әзірлеу;

14) мыналарды:

эпидемиялық мәні бар объектілердің;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын, өндірісінде йодталмаған тұз пайдаланылатын тамақ өнімнің жекелеген түрлерінің;

ауыр жұмыстарға, еңбек жағдайлары зиянды және (немесе) қауіпті жұмыстарға, жерасты жұмыстарына еңбек шартын жасасу үшін, сондай-ақ халықтың декреттелген тобына жататын адамды жұмысқа жіберу үшін медициналық қарсы көрсетілімдердің;

гигиеналық оқытуға жататын халықтың декреттелген тобының тізбелерін;

камералдық бақылауды жүзеге асыруға қажетті мәліметтердің тізбесін, сондай-ақ оларды кеден органдарының, техникалық реттеу саласындағы уәкілетті органның ұсыну тәртібін әзірлеу және бекіту;

бұзылуы жедел ден қою шараларын қолдануға алып келетін талаптар, сондай-ақ талаптарды нақты бұзушылықтарға қатысты жедел ден қою шарасының нақты түрін, оның қолданылу шарттарын және осы шараның қолданылу мерзімін айқындау (қажет болған кезде) тізбесін әзірлеу және бекіту;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер тізбесін әзірлеу және бекіту;

14-1) шегілетін темекі бұйымдарында, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарда, қорқорға арналған темекіде, қорқор қоспасында, темекіні қыздыруға арналған жүйелерде никотин мен шайырлы заттар болуының шекті жол берілетін деңгейлерін айқындайтын актіні әзірлеу;

14-2) темекі бұйымдарын, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар бұйымдарды, темекіні қыздыруға арналған жүйелерді тұтыну үшін арнайы бөлінген орындарды жабдықтауға қойылатын талаптар туралы актіні әзірлеу;

15) қалдықтардың адамға және қоршаған ортаға әсер ету дәрежесі бойынша (уыттылық дәрежесі бойынша) олардың қауіптілік сыныбын айқындайтын актіні әзірлеу ;

16) Қазақстан Республикасының аумағына шетелден инфекциялық аурулардың әкеліну және (немесе) инфекциялық аурулар жағдайларының пайда болу тәуекелдерін айқындау өлшемшарттарын әзірлеу;

17) медициналық қалдықтарды жинау, тасымалдау, сақтау, залалсыздандыру, көму және пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын жеке және заңды тұлғаларға қойылатын біліктілік талаптарын әзірлеу;

18) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тексеру парақтарын, тәуекел дәрежесін бағалау өлшемшарттарын және тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлеу;

19) мониторингтік топтарды құру және мониторинг жүргізу тәртібін айқындау;

20) медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату тәртібін реттеуді жүзеге асыру;

21) қоғамдық бірлестіктермен және басқа да мүдделі заңды тұлғалармен инфекциялық және инфекциялық емес аурулардың туындау тәуекелі факторларын төмендетуге, төтенше жағдайлар кезінде іс-шараларды жүзеге асыруға бағытталған өзара іс-қимылды жүзеге асыру;

22) мыналарды:

Комитеттің қарамағындағы аумақтық бөлімшелер мен ұйымдардың санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүзеге асыру бойынша қызметін;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіру;

23) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ведомстволық статистикалық бақылауларды қамтамасыз ету;

23-1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беру туралы тізілімді жүргізу;

23-2) техникалық регламенттердің талаптарына және (немесе) Еуразиялық экономикалық одақтың бірыңғай санитариялық-эпидемиологиялық және гигиеналық талаптарына сәйкес келмейтін (сәйкес келмейтін) өнім (тауар) тізілімін интернет-ресурста орналастыру;

23-3) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тергеп-тексеруді жүзеге асыру;

23-4) органикалық өнімді өндіру кезінде қолданылатын рұқсат етілген құралдардың тізімін келісу;

23-5) органикалық өнімді өндіру және оның айналымы тәртібін келісу;

24) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы электрондық ақпараттық ресурстар мен ақпараттық жүйелерді, ақпараттық-коммуникациялық желілерді құру және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, оларға Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес жеке және заңды тұлғалардың қол жеткізуін ұйымдастыру;

25) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.03.2023 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

26) тамақтан уланулар, инфекциялық, паразиттік, кәсіптік аурулар кезінде өз құзыретінің шегінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

27) инфекциялық және паразиттік ауруларға, инфекциялық аурулар қоздырғыштарының микробқа қарсы препараттарға төзімділігіне, халыққа профилактикалық екпелер жүргізуге эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру;

28) Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік шекарасымен тұспа-тұс келетін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік пункттерді құру;

29) йод тапшылығы ауруларының профилактикасы саласында мемлекеттік реттеуді жүзеге асыру;

30) микронутриенттік жеткіліксіздікке байланысты инфекциялық емес аурулардың, оның ішінде йод тапшылығы және темір тапшылығы ауруларының профилактикасы саласындағы қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

31) медициналық қалдықтардың айналысын бақылауды жүзеге асыру;

32) инфекциялық емес ауруларды эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру;

33) кәсіптік аурулар және (немесе) уланулар жағдайларын мемлекеттік есепке алуды және есептілігін жүргізу;

34) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының басшыларына аттестаттау жүргізу;

35) өнімді мемлекеттік тіркеу туралы куәлік беру;

36) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтерді көрсету сапасына ішкі бақылау жүргізу;

37) аурулардан таза немесе аурулардың таралу деңгейі төмен аумақтарды (оның бір бөлігін) айқындау;

38) құзыреті шегінде биологиялық тәуекелдерге сыртқы бағалау жүргізу;

39) мыналарды:

патогенді биологиялық агенттермен, ықтимал қауіпті биологиялық объектілермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын субъектілердің;

патогендігі I және II топтардың патогенді биологиялық агенттердің, патогендігі I және II топтардың патогенді биологиялық агенттерімен жұмыс істеуді жүзеге асыратын мамандардың тізілімдерін жүргізуді ұйымдастыру;

40) мыналарды:

биологиялық қауіпсіздік саласында кадрларды кәсіптік даярлаудың, қайта даярлаудың және біліктілікті арттырудың үлгілік бағдарламасын;

шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындардың патогендігі I және II топтардағы патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыратын (жұмыс істеуді жүзеге асыру кезінде қосалқы функцияны орындайтын) мамандары мен көмекші персоналының еңбегіне ақы төлеудің үлгілік жүйесін;

референттік (референс-) зерттеулерді жүзеге асыру және жүзеге асыруға рұқсат беру қағидаларын;

биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылау жөніндегі комиссия (режимдік комиссия) туралы ережені және оның құрамын;

денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау бойынша қызметтер көрсетуге қызметтің лицензияланатын түріне қойылатын біліктілік талаптарын;

патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуді жүзеге асыруға қойылатын біліктілік талаптарын;

халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында пайдаланылатын патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің жұмыс коллекцияларын қалыптастыру, жүргізу және күтіп-ұстау қағидаларын әзірлеу және бекіту;

41) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсаттарды және оларға қосымшаларды беру, олардың қолданысын қайта жаңарту, қайта ресімдеу, қолданысын тоқтату қағидаларын әзірлеу;

42) коллекциялық қызметті есепке алу және мониторингтеу;

43) патогенді және өнеркәсіптік микроорганизмдердің ұлттық коллекцияларын қалыптастыруға, жүргізуге және күтіп-ұстауға уәкілеттік берілген ұйымдардың қызметін бюджет қаражатының есебінен құзыреті шегінде қамтамасыз ету;

44) санитариялық-эпидемиологиялық сараптаманың және ғылыми сараптаманың нәтижелері бойынша адамның немесе болашақ ұрпақтардың денсаулығына қауіпті деп танылған биологиялық заттарды есепке алуды жүргізу;

45) мыналарды:

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша петицияларды қарау;

Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

46) заңдарда, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.03.2023 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 14.06.2024 № 385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2025 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 19.05.2026 № 53 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3-тарау. Комитеттің қызметін ұйымдастыру кезінде басшысының мәртебесі мен өкілеттіктері

16. Комитетке басшылықты Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Комитет басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

18. Комитет басшысының Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалатын және лауазымнан босатылатын орынбасарлары болады.

19. Комитет басшысының өкілеттіктері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес:

еңбек қатынастары жоғары тұрған лауазымды тұлғаның құзыретіне жатқызылатын қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлерін;

Комитеттің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарларын;

Министрліктің бірінші басшысымен келісу бойынша Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларын;

Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының орынбасарларын лауазымға тағайындайды және лауазымнан босатады;

2) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

Комитет басшысының орынбасарларын (жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрінің келісуі бойынша);

Комитет қызметкерлерін;

Комитеттің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі аумақтық бөлімшелерінің басшылары мен басшыларының орынбасарларын;

Комитетке ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларын;

Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының орынбасарларын іссапарға жіберу, еңбек демалыстарын беру, материалдық көмек көрсету, даярлау (қайта даярлау), біліктілігін арттыру, көтермелеу, үстемеақы төлеу және сыйлықақы беру мәселелерін шешеді;

3) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

еңбек қатынастары жоғары тұрған лауазымды тұлғаның құзыретіне жатқызылған қызметкерлерді қоспағанда, Комитет қызметкерлеріне;

Комитеттің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі аумақтық бөлімшелері басшыларының орынбасарларына;

Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдарының басшыларына;

Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының орынбасарларына қатысты тәртіптік жауапкершілік шараларын қолданады;

4) Министрліктің басшылығына Комитеттің және оның аумақтық бөлімшелерінің құрылымы мен штат саны туралы ұсыныстар береді;

5) Министрлікке Комитет басшысының орынбасарларын және Комитеттің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі

аумақтық бөлімшелерінің басшыларын тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы ұсыныстар енгізеді;

6) өз құзыретінің шегінде Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;

7) мыналарды:

Комитеттің құрылымдық бөлімшелерінің, Комитеттің аудандық және қалалық аумақтық бөлімшелерінің ережелерін;

Комитеттің обаға қарсы күрес станцияларының жарғыларын;

Комитеттің құрылымдық бөлімшелері қызметкерлерінің, Комитеттің облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, көліктегі аумақтық бөлімшелері басшылары орынбасарларының, Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары басшыларының лауазымдық нұсқаулықтарын;

Комитеттің жұмыс регламентін бекітеді;

8) Комитеттің ведомстволық бағынысты ұйымдары мен аумақтық бөлімшелерінің қызметіне басшылықты жүзеге асырады;

9) заңнамаға сәйкес барлық мемлекеттік органдарда және өзге де ұйымдарда Комитеттің мүдделерін білдіреді;

10) сыбайлас жемқорлыққа қарсы және Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің нормаларын сақтауға бағытталған шараларды қабылдайды;

11) Комитет басшысының орынбасарлары лауазымдарына тағайындау үшін кандидатуралар ұсынады;

12) Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша Комитеттің атынан басқа мемлекеттік органдарға жіберілетін құжаттарға қол қояды;

13) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

Комитеттің басшысы болмаған кезеңде оның өкілеттіктерін қолданыстағы заңнамаға сәйкес оны алмастыратын адам жүзеге асырады.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

20. Комитет басшысы қолданыстағы заңнамаға сәйкес өзінің орынбасарларының өкілеттіктерін айқындайды.

4-тарау. Комитеттің мүлкі

21. Комитеттің заңнамада көзделген жағдайларда жедел басқару құқығында оқшауланған мүлкі болуы мүмкін.

Комитеттің мүлкі оған меншік иесі берген мүлік, сондай-ақ өз қызметі нәтижесінде сатып алынған мүлік (ақшалай кірістерді қоса алғанда) және Қазақстан

Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де көздер есебінен қалыптастырылады.

22. Комитетке бекітіліп берілген мүлік республикалық меншікке жатады.

23. Егер заңнамада өзгеше көзделмесе, Комитет өзіне бекітіліп берілген мүлікті және қаржыландыру жоспары бойынша өзіне бөлінген қаражат есебінен сатып алынған мүлікті өз бетімен иеліктен шығаруға немесе оған өзгедей тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

5-тарау. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

24. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Комитеттің қарамағындағы ұйымдардың тізбесі

Ескерту. Тізбеге өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 26.10.2022 № 941 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 06.03.2023 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); орыс тіліндегі мәтінге өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтін өзгермейді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің м.а. 14.03.2023 № 153 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 25.05.2023 № 300 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 23.05.2024 № 331 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 13.12.2024 № 871 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Комитеттің аумақтық бөлімшелері:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Абай аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Ақсуат аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының

санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шымкент қаласы Абай ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

255. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шымкент қаласы Әл-Фараби ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

256. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шымкент қаласы Еңбекші ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

257. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шымкент қаласы Қаратау ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

258. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Шымкент қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті Шымкент қаласы Тұран ауданының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы.

Комитеттің шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ұлттық сараптама орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны.

2. Алып тасталды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 27.07.2023 № 441 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Республикалық мемлекеттік мекемелер – Комитетінің обаға қарсы күрес станциялары:

1. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Ақтөбе обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

2. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Арал теңізі обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

3. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Атырау обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Жамбыл обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

5. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Қызылорда обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Маңғыстау обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

7. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Талдықорған обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

8. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Орал обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

9. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің "Шымкент обаға қарсы күрес станциясы" республикалық мемлекеттік мекемесі.

Қазақстан Республикасы
Денсаулық сақтау министрінің
2020 жылғы 8 қазандағы
№ 644 бұйрығына
1-1-қосымша

**"Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі
Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының
санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік
мекемесінің ережесі**

Ескерту. Бұйрық 1-1-қосымшамен толықтырылды - ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.07.2022 № 594 (қолданысқа енгізілу тәртібін 4-т. қараңыз) бұйрығымен.

1-тарау. Жалпы ережелер

1. "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – Департамент) облыс аумағында құзыретінің шегінде халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімін бақылау мен қадағалауды, техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың және биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын бақылауды және қадағалауды, сондай-ақ биологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған іс-шараларды реттеуді және іске асыруды (бұдан әрі – реттелетін сала) жүзеге асыратын Қазақстан

Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің (бұдан әрі – Комитет) аумақтық бөлімшесі болып табылады.

2. Департамент өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясына және заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы Ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Департамент мемлекеттік мекеменің ұйымдық-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады, қазақ тілінде өз атауы бар мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қазынашылық органдарында шоттары болады.

4. Департамент азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

5. Департаменттің, егер заңнамаға сәйкес осыған уәкілеттік берілген болса, мемлекеттің атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

6. Департамент өз құзыретіндегі мәселелер бойынша заңнамада белгіленген тәртіппен Департамент басшысының бұйрықтарымен және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген басқа да актілермен ресімделетін шешімдерді қабылдайды.

7. Департаменттің құрылымы мен штат санының лимиті Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес бекітіледі.

8. Заңды тұлғаның орналасқан жері – 071400, Қазақстан Республикасы, Абай облысы, Семей қаласы, Мәдениет Ешекеев көшесі, 44-үй.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.03.2023 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Мемлекеттік органның толық атауы – "Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті Абай облысының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесі.

10. Осы Ереже Департаменттің құрылтай құжаты болып табылады.

11. Департаменттің қызметін қаржыландыру республикалық бюджеттен жүзеге асырылады.

12. Департаментке өзінің функциялары болып табылатын міндеттерді орындау тұрғысынан кәсіпкерлік субъектілерімен шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Департаментке заңнамалық актілермен кірістер әкелетін қызметті жүзеге асыру құқығы берілсе, онда осындай қызметтен алынған кірістер мемлекеттік бюджетке жіберіледі.

2-тарау. Департаменттің міндеттері, құқықтары мен міндеттемелері

13. Міндеттері:

1) реттелетін салада іске асыру және бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыру;

2) реттелетін салада мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қолжетімділігін қамтамасыз ету;

3) Департаментке жүктелген өзге де міндеттерді өз құзыретінің шегінде жүзеге асыру.

14. Құқықтары мен міндеттері:

1) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдардан, лауазымды адамдардан, жеке және заңды тұлғалардан реттелетін сала мәселелері бойынша ақпарат сұрату және алу;

2) жеке және заңды тұлғалар Департаменттің және Департаменттің қарамағындағы Комитеттің аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары берген заңды талаптарды немесе нұсқамаларды, қаулыларды орындамаған немесе тиісінше орындамаған кезде сотқа жүгіну;

3) Департаменттің қарамағындағы Комитеттің аумақтық бөлімшелеріне реттелетін сала мәселелері бойынша әдіснамалық және консультациялық көмек көрсету;

4) реттелетін саладағы мәселелер бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыру;

5) өз құзыретінің шегінде консультациялық-кеңесші және сараптама комиссияларын (жұмыс топтарын) құру;

6) бухгалтерлік есепті жүргізу және қаржылық есептілікті қалыптастыру;

7) Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жағдайларды қоспағанда, өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыру кезінде алынған коммерциялық, қызметтік, өзге де заңмен қорғалатын құпияны құрайтын ақпаратты жария етпеу;

8) реттелетін салада Қазақстан Республикасы заңнамасының қолданылуына талдау жүргізу;

9) Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен басқа ұйымдардан мамандарды тексеру және сараптама жүргізуге тарту;

10) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын, мемлекеттік органдар қабылдаған актілердің күшін жою, өзгерту, сондай-ақ оларды Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес келтіру туралы ұсыныстар енгізу;

11) Қазақстан Республикасының заңнамасын, жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңмен қорғалатын мүдделерін сақтау;

12) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында көзделген өзге де құқықтар мен міндеттерді жүзеге асыру.

15. Функциялары:

1) реттелетін салада мемлекеттік саясатты іске асыру;

- 2) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;
- 3) техникалық регламенттерде белгіленген талаптардың сақталуын бақылауды жүзеге асыру;
- 4) халықтың радиациялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын радиациялық бақылауды жүзеге асыру;
- 5) мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалауға жататын өнімді, оның ішінде тамақ өнімін мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;
- 6) құзыретінің шегінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы талаптардың сақталуын мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
 - 6-1) мемлекеттік тіркеуге жататын, мемлекеттік санитариялық-эпидемиологиялық бақылау мен қадағалаудың бақылауындағы өнімнің (тауарлардың) жарнамасын орналастыруға қойылатын талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру;
 - 6-2) органикалық өнімді өткізу сатысында Қазақстан Республикасының органикалық өнім өндірісі және айналымы саласындағы заңнамасында белгіленген талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды және қадағалауды жүзеге асыру;
 - 6-3) ойыншықтардың қауіпсіздігі саласындағы мемлекеттік қадағалауды жүзеге асыру;
- 7) санитариялық-эпидемиологиялық мониторингті жүзеге асыру;
 - 7-1) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тергеп-тексеруді жүзеге асыру;
- 8) құзыретінің шегінде биологиялық қауіпсіздік саласындағы есепке алу және мониторингтеу;
- 9) құзыретінің шегінде биологиялық қауіпсіздік саласында профилактикалық іс-шараларды жүргізу;
- 10) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы қызметті жүзеге асыратын денсаулық сақтау ұйымдарының қызметін үйлестіру;
- 11) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы ведомстволық статистикалық бақылауларды қамтамасыз ету;
- 12) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.03.2023 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;
- 13) медициналық қалдықтардың адамға және қоршаған ортаға әсер ету дәрежесі бойынша олардың қауіптілік сыныптарын айқындау;
- 14) өз құзыретінің шегінде тамақтан уланулар, инфекциялық, паразиттік, кәсіптік аурулар кезінде санитариялық-эпидемияға қарсы және санитариялық-профилактикалық іс-шараларды ұйымдастыру және жүзеге асыру;

15) реттелетін салада мемлекеттік қызметтерді көрсету, үйлестіру, мониторингтеу, рұқсат беру құжаттарын беру, олардың қолданысын тоқтата тұру, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес одан айыру (кері қайтару);

16) құзыреті шегінде биологиялық тәуекелдерге сыртқы бағалау жүргізу;

17) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2025 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

18) патогенді биологиялық агенттермен жұмыс істеуге рұқсат және оған қосымша беруді жүзеге асыру;

19) денсаулық сақтау саласындағы дезинфекциялау, дезинсекциялау, дератизациялау бойынша қызметтер көрсетуге лицензия беруді жүзеге асыру;

20) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2025 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

21) инфекциялық және паразиттік ауруларға, инфекциялық аурулар қоздырғыштарының микробқа қарсы препараттарға төзімділігіне, халыққа профилактикалық екпелер жүргізуге эпидемиологиялық бақылауды жүзеге асыру;

22) аурулардан таза немесе аурулардың таралу деңгейі төмен аумақтарды (оның бір бөлігін) айқындау;

23) Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінде санитариялық-карантиндік пункттерді құру;

24) йод тапшылығы ауруларының профилактикасы саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауды жүзеге асыру;

25) микронутриенттік жеткіліксіздікке байланысты инфекциялық емес аурулардың, оның ішінде йод тапшылығы және темір тапшылығы ауруларының профилактикасы саласындағы қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасау;

26) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2025 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

27) медициналық қалдықтардың айналымын реттеуді және бақылауды жүзеге асыру (медициналық қалдықтарды жинау, сақтау, тасымалдау және кәдеге жарату);

28) инфекциялық емес ауруларды эпидемиологиялық қадағалауды жүзеге асыру;

29) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын тамақ өнімін өндіру объектілеріне есептік нөмірлер беру;

30) халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында тексерулер жүргізудің жартыжылдық кестелерін әзірлеу;

31) алып тасталды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 21.02.2025 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен;

32) бекітілген мамандықтар мен мамандандырулар тізбесіне сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық қызмет мамандарына қатысты сертификаттау жүргізу;

33) жұмыскердің өз еңбек (қызметтік) міндеттерін не жұмыс берушінің мүддесінде өз бастамасы бойынша өзге де әрекеттерді орындауына байланысты жұмыскерге зиянды өндірістік факторлардың әсер етуінен болған кәсіптік аурулар және (немесе) улану жағдайларына тергеп-тексеру жүргізу;

33-1) кәсіптік аурулар мен улануларды, инфекциялық емес сырқаттанушылықты есепке алуды жүргізу;

34) мыналарды:

"Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне сәйкес әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы істерді;

Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша петицияларды қарау;

Департаменттің құзыретіне кіретін мәселелер бойынша жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау;

35) заңдарда, Қазақстан Республикасы Президентінің және Үкіметінің актілерінде көзделген өзге де функцияларды жүзеге асыру.

Ескерту. 15-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 06.03.2023 № 141 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 14.06.2024 № 385 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі); 21.02.2025 № 126 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

3-тарау. Департамент қызметін ұйымдастыру кезінде басшысының мәртебесі мен өкілеттіктері

16. Департаментке басшылықты Департаментке жүктелген міндеттердің орындалуына және өзінің өкілеттіктерін жүзеге асыруға дербес жауапты болатын басшы жүзеге асырады.

17. Департамент басшысы Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес лауазымға тағайындалады және лауазымнан босатылады.

